

Мектепшілік ата-аналар комитетінің отырысы
№3 хаттамасы

Өтілген күні: 19.12.2022ж

Өту уақыты: сағ.16.00-де

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі
ДТІЖО
ата-аналар

Барлығы: 37 ата-ана

Күн тәртібінде:

1. Баяндама. Тақырыбы: «Балаларға тәрбие мен білім беру ата-аналардың құқықтары мен міндеттері ме?»
2. I жарты жылдық қорытындысы.
3. «Жаңа жыл мерекесін» ұйымдастыру.
4. Ағымдағы сұрақтар.

1.Тыңдалды: Бірінші сұрақ бойынша құқық пәні мұғалімі Ергалиева Б.Ж. ата-аналарға баяндамасын таныстырды. Балаларға тәрбие мен білім беру ата-аналардың құқықтары мен міндеттері ме деген сұрақ ата-аналар қауымында пікір алысты.

2.Тыңдалды: Екінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ш.Ахметова ата-аналармен сәлемдесіп, I жарты жылдық қорытындысын айтып берді.

I жарты жылдық қорытындысы бойынша тәрбие жағынан өткізілген іс-шаралар, ата-аналар жиналыстары, отбасылық сайыстар өткенін айтып өтті.

3. Үшінші сұрақ бойынша мектеп директоры Г.Е.Какимова «Жаңа жыл мерекесін» ұйымдастыру бойынша айтып өтті. «Жаңа жыл мерекесін» ұйымдастыру үшін демеушілерден көмек сұрадық. Олар барлығы қол үшін созып, көмек көрсетті. Оларға мың алғыс айтамыз. Жаңа жыл мерекесін 29 желтоқсанда өтеді.

4. Ағымдағы сұрақтар бойынша ата-ана Матаева Б.М. сөз алды: «Жаңа жыл мерекесін» ата-аналарға келіп көруге бола ма?» деп сұрады. Мектеп директорының жауабы: «Әрине болады, бірақ санитарлық талаптарды қатаң ұстану қажет. Қазір тұмаудың кезі, барлық жерде адамдар көп ауырып жатыр. Сондықтан мектепке маскаларыңызды киіп қана кіре аласыздар».

Шешім:

1. Ата-аналар комитетінің тәрбие жұмысы жағынан жұмысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Ата-аналар комитетінің «Жаңа жыл мерекесіне» ата-аналармен бірлескен жұмысы жандандырылсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы:

Хатшысы:




/Балжарикова Д.Т./

/Ескендиrowa A.A./